

# Кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарттары мен кедергілері

**Тобы:**

**ИНЖ -14-1**

**Орындағандар:**

**Өтеген Н.  
Үргенішбаева Г.  
Саматов М.**


**«Кәсіпкер» («антрепренер»** француз сөзі «делдалдық» дегенді білдіреді екі мағынада қолданылады түрлі мереке мен музыкалық көріністі ұйымдастырушы және ірі өндірістік немесе құрылыс жобаларын басқарушы. Бұл термин орта ғасырда пайда болған.

# 18 ғасырда батыстың экономикалық теориясында «кәсіпкерлік» мәселелеріне алғаш назар аударған


ғалымдар:



**Ф.Кенэ**



**Ричард  
Кантильон**



**А.Смит**



**Ж.Сэй**



**А.Тюрго**



**«Кәсіпкер» терминінің атасы,  
белгілі ағылшын экономисті  
Ричард Кантильон**



Р. Кантильон

**« “Кәсіпкер” деген нарық  
жағдайында әрекет жасаған  
адам»  
(Ричард Кантильон)**

Кәсіпкерлік қатынастарды қараудың алғашқы мәселесі олардың **субъектісі** мен **объектісін** анықтау.

❖ **Кәсіпкерлік субъектісіне** экономикалық қызметке қатысушы түрлі мүшелер, алдымен жеке дара индивиттер, адамдар жатады. Олар бұл салада жеке дара өндірісті ұйымдастырудан көрінеді. Мұндай кәсіпкердің жұмысы өзінің еңбек шығындарына немесе жалдамалы еңбекті қолдануға негізделеді. Соңғы жағыдайда кәсіпкер жалдаушы болады. Кәсіпкер қызметті бір топ адамдар жүргізуі мүмкін, оларды байланыстырушы - міндетті шарттар мен экономикалық мүдде. Мұндай кәсіпкерліктің түрі – **ұжымдық, коллективтік** деп аталады.

**Ұжымдық кәсіпкерліктің субъектісі** - әртүрлі ассоциациялар: акционерлік қоғам кооперативтер және тағы басқалар. Жеке дара кәсіпкерлерге қарағанда партнерлік бірлестіктер ірі көлемдегі мәселелерді шеше алады. Мемлекеттік кәсіпорындар ұжымы өзінен-өзі кәсіпкерліктің субъектісі бола алмайды. Бірақ егер қайта құрылыс болып, бұрынғы ұжымның орнына жаңа, айталық арендаторлар ұйымы құрылса, онда соңғылары ұжымдық кәсіпкерліктің субъектісі болады.

Осыдан келіп кәсіпкерлік қызмет түрінің иерархиясы шығады:

**Мемлекеттік** (жоспарлы кездегіден өзгеше нарықтық экономикадағы роліне байланысты), **ұжымдық, жеке дара.**



## Кәсіпкерліктің потенциалдық мүмкіндіктерінің субъектілері:

□ номиналды

□ реалды

**Номиналды** дегеніміз кәсіпкерлік қызметімен айналысу құқығы.

Нарықты экономика елдерінде әрбіреуінің бұған құқығы бар. Алайда мұны жүзеге асыру қоғам мүшесінің бәрінің қолынан келмейді. Сондықтан кәсіпкерліктің шын реалды субъектісі - бұған деген алғы шарттары бар, ең бастысы-капиталдар иемдену құқысы бар. Міне осы адамдар экономиканың кәсіпкерлік септігін құрып дамыта алады.

❖ **Кәсіпкерліктің объектісі** – адамның белгілі қызметі. Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі - өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет. Бірақ, ең бастысы - әр кәсіпкер оның өзіне тиімдісін пайдалысын ғана жасайды. Міне осы себептен кәсіпкерлердің ең басты мақсаты өз кәсіпорнының пайданы көп келтіруі немесе шығындарын барынша азайту.

Ал кәсікердің табысы көбіне оның істі ұйымдастыруына тікелей байланысты. Ал қызметінің бастапқы кезінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып қалмас үшін өндіріс факторларын комбинациялаудың жаңа жолдарын іздейді, яғни бұл кәсіпкер ісінің ең басты мақсаты.

# Қисынды ойлай білейік

**1 – командаға:**

нънтилаок  
рккпсеәі  
оиналдым

**2 – командаға:**

итсм  
коимкоән  
даыелр

**3 – командаға:**

тьоекб  
югтор  
кемтемле

# Қисынды ойлай білейік

**1 – командаға:**

Кантильон  
Кәсіпкер  
Номиналды

**2 – командаға:**

Смит  
Экономика  
Реалды

**3 – командаға:**

Объект  
Тюрго  
Мемлекет



Кәсіпкерлік - жаңа мүмкіндіктерді іздеу, жаңа технологияны пайдалану, капиталды жұмсаудың тың салаларын іздеу, ескі ойлау шеңберінен шығу, өндірістің жаңа түрін ашып дамыту, қызметтер мен тауарлардың жаңа түрлерін шығару мақсатында ұйымдастыру құрылымдарын өзгерту, жаңарту және өркендету.

Нақты өмірде **кәсіпкерліктің объектісі** - новаторлық, жаңашылдық, ерекше мағынадағы новаторлық - өндіріс, айырбас және бөлудің түрлі факторларын үйлестіру.

Кәсіпкерліктің **шаруашылық жүргізу тәсілі** ретінде бірнеше жалпы белгілері бар:

**Негізгісі** – шаруашылық субъектілерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі. Олардың егемендігі нарық механизмі әрекетін қамтамасыз ететін тәртіп қалыптастырады.

Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыру және оларды нарықта кәсіпкердің ойлағанындай сату құқығын береді. Матиреалдық ресурстармен ақша капиталының иелері бұл ресурстарды өз қалауынша пайдалана алады.

**Кәсіпкерліктің басты шарты** - барлық мүмкіндіктердің деңгейі тұрғысынан шешім қабылдауға автономиялылығы, өзбеттілігі.

**Барынша көп табыс келтіру** – кәсіпкерлік жұмыстың қозғаушы факторы. Көп жағдайларда тек осы тұрғыдан ғана іс ұйымдастырылып, одан әрі кеңейтіледі. Бірақ нарық жағдайында белгілі бір өзгерістер өне бойы болып тұрады. Кәсіпкерлер оздеріне тиімді өзгерістер яғни жұмыстарына **жаңалықтар** еңгізеді.

**Жаңалық процесінің мұраты** - пайда табу. Нарыққа жаңа тауар шығарған немесе ресурс үнемдейтін экономикалық тиімді технология ұсынған алғашқы фирма оларды белгілі уақытқа дейін баламалы құнынан жоғары бағамен сатады, міне осы қабілет - әдеттегіден ерекше шешім қабылдау іскерлік әлемінде ерекше жоғары бағаланады.

**Кәсіпкерлікке тән тағы бір сипат шаруашылық жүргізудегі тәуекелге бел бууы.** Іске кіріскенде алғашқы болашақ бұлдыр, оны болжап білу киын.

Шаруашылық қауып – қатердің , тәуекелдің негізінде мүмкін болатын және шын нәтижелердің арқасында кәсіпкерлік дамыйды. Егер өндірілген тауарлар бағасы жұмсалған шығындарды қайтармаса, онда кәсіпкер өз қызметін тиімді ұйымдастыра алмағаны немес күткен конъюктура жайсыз болғаны.

Нақты кәсіпкерлік қызметтің шеңберіне шаруашылық белсенділіктің жаңа мүмкіндіктерін іздеу пайдалылықтарын анықтау, өндірісті ұлғайтудың қаржылық және басқа ресурстарын қамтамасыз ету, жұмысшыларды жалдау, өкіметпен жабдықтаушымен, кленттермен қарым - қатынастар орнату.



Кәсіпкерлікті өркендетудің жағдайларын жасауда бәсекенің орны ерекше. Кәсіпкер үшін шаруашылықты жүргізу – бәсекеге түсу, өндірісті ұйымдастыра отырып, ол бәсекелік күреске әзір болуын, нарықтың қоғамдық қажеттілігіне сай келмейтіндігі «артығын» қиып түсетіндігіне әзір болуы керек. Нарықтық экономика күрделі «ауруға» бірден қарсы тұра алмайды- **монополизмге, инфляцияға және іскерлік пен белсенділіктің төмендеуіне** өзінің ішкі резервтері арқылы оларға қарсы тұруы қиын. Егер мемлекет бұған араласпаса аурулар асқынып, біраз экономикалық және әлеуметтік зиян келтіреді. Қазіргі нарықтық шаруашылық **монополияға, инфляцияға** қарсы шараларынсыз, өндірістің ұзақ құлдырауынан тоқтататын саясатсыз мүмкін емес. Бұл шеңбер рыноктық механизммен реттеудің қисынды тетігіне, қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге жеткілікті.

Мемлекетсіздендіру жүйесі жекешелендіруді, мемлекетсіздендіруді жай бір іс деп қарап оны шаралардың барлық жүйесінен бөлек жүргізу (кешіктіріп я ерте) шаруашылық түбірлі өзгертулердің тиімді құралы бола алмайды.

**Жекешелендіру** - объектілерді белгілі қызмет түрлерін мемлекет қолынан алып жеке меншікке беру.

Мемлекеттендіруге қарағанда жекешелендірудің ерекшелігі: процесі бір сатылы акт емес, яғни оны тез жүргізуге болмайды. Меншік иесінің құқығын жүзеге асырудың жағдайларын жасау және меншік иелері мен басқарушылар арасында коммерциялық жұымстардың еңбек бөлінісінің болуы.



## Жекешелендіру концепциясының талаптары:

- ✓ Өтпелі кезеңді нарықтық шаруашылық өлшемдері бойынша жұмыс істеуге ынталандыруды пайдалану, жекелендіру кезінде көз бояушылыққа жол бермеу;
- ✓ Ішкі нарықтың капитал сенімділігінің проблемасын;
- ✓ Халықты жекешелендіруге құзықтыру жағдайларын жасау,оны үнемі сақтау;
- ✓ Халықты әлеуметтік жағынан қорғау әсіресе аз табыс алатындарды;
- ✓ Жекешелендіруден түскен түсімдерді әлсіз кәсіпорындарға бермеу керек.

Ешбір елде жекешелендірудің ойдағыдай керемет тәсілі жоқ. Әрбір елдің тәжірибесі оң және теріс жақтарын көрстеді. Бұл процесс сол елде қалыптасқан нақты тарихи және әлеуметтік мәдени ортамен анықталады. Қоғамдағы тұрақтылықтың дәрежесі мен құқықтық реттеу жүйесі және оның тиімділігінен экономикалық дамудың жағдайы мен дамыған қаржы банк жүйесінің болуы және әлеуметтік құрылымындағы орта топ үлесі мен халықтың психологиясына байланысты.

Сонымен жекешелендіру нарықтық экономикаға өтудің алғышарттарын жасай отырып, кәсіпкерліктің құнарлы топырағын әзірлейді. Бастапқы кезде кәсіпкерлік капиталдың тез айналатын салаларында дамиды, саудада да, қоғамдық тамақтану органдарында қызмет көрсетуде және т.ғ.б.

**Дода**

|           |           |           |
|-----------|-----------|-----------|
| <b>10</b> | <b>20</b> | <b>30</b> |
| <b>10</b> | <b>20</b> | <b>30</b> |

# Дода - 10

**Барынша көп табыс келтіру** – кәсіпкерлік жұмыстың қозғаушы факторы. Көп жағдайларда тек осы тұрғыдан ғана іс ұйымдастырылып, одан әрі кеңейтіледі. Бірақ нарық жағдайында үнемі белгілі бір өзгерістер болып тұрады.

**Сұрақ:** бұл жағдайда кәсіпкерлер өздеріне тиімді болу үшін және бәсекелестерінен артта қалып қоймас үшін не істейді?

*Жауабы*



# Дода - 10

Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

**Сұрақ:** Тәуелсізділік қатынасында кәсіпкерге берілетін басты мүмкіндік?

*Жауабы*

# Дода - 10

**Барынша көп табыс келтіру – кәсіпкерлік жұмыстың қозғаушы факторы. Көп жағдайларда тек осы тұрғыдан ғана іс ұйымдастырылып, одан әрі кеңейтіледі. Бірақ нарық жағдайында үнемі белгілі бір өзгерістер болып тұрады.**

***Сұрақ:* бұл жағдайда кәсіпкерлер өздеріне тиімді болу үшін және бәсекелестерінен артта қалып қоймас үшін не істейді?**

***Жауабы***  
**Жаңалық**  
**еңгізеді**

# Дода - 10

Кәсіпкердің тәуелсіздігі оған экономикалық ресурстарды алуға, осы ресурстардан өз қалауынша қызмет пен тауар өндіру процесін ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

*Сұрақ:* Тәуелсізділік қатынасында кәсіпкерге берілетін басты мүмкіндік?

*Жауабы*

**Сату құқығы**



# Дода - 20

Нарыққа жаңа тауар шығарған немесе ресурс үнемдейтін экономикалық тиімді технология ұсынған алғашқы фирма оларды белгілі уақытқа дейін баламалы құнынан жоғары бағамен сатады, міне осы қабілет - әдеттегіден ерекше шешім қабылдау іскерлік әлемінде ерекше жоғары бағаланады.

*Сұрақ:* Жаңалық процесінің мұраты?

*Жауабы*

# Дода - 20

Іске кіріскенде алғашқы болашақ бұлдыр, оны болжап білу қиын. **Шаруашылық** қауып – қатер кез келген кәсіпте бар. Егер өндірілген тауарлар бағасы жұмсалған шығындарды қайтармаса, онда кәсіпкер өз қызметін тиімді ұйымдастыра алмағаны немесе күткен конъюктура жайсыз болғаны

**Сұрақ:** Шаруашылық жүргізудегі кәсіпкерлікке тән сипат?

*Жауабы*

# Дода - 20

Нарыққа жаңа тауар шығарған немесе ресурс үнемдейтін экономикалық тиімді технология ұсынған алғашқы фирма оларды белгілі уақытқа дейін баламалы құнынан жоғары бағамен сатады, міне осы қабілет - әдеттегіден ерекше шешім қабылдау іскерлік әлемінде ерекше жоғары бағаланады.

*Сұрақ:* Жаңалық процесінің мұраты?

*Жауабы*  
Пайда табу



# Дода - 20

Іске кіріскенде алғашқы болашақ бұлдыр, оны болжап білу қиын. **Шаруашылық** қауып – қатер кез келген кәсіпте бар. Егер өндірілген тауарлар бағасы жұмсалған шығындарды қайтармаса, онда кәсіпкер өз қызметін тиімді ұйымдастыра алмағаны немесе күткен конъюктура жайсыз болғаны

*Сұрақ:* Шаруашылық жүргізудегі кәсіпкерлікке тән сипат?

*Жауабы*

**Тәуекелге бел буу**

# Дода - 30

Нарықтық экономика күрделі «ауруға» бірден қарсы тұра алмайды-  
монополизмге, инфляцияға және іскерлік пен белсенділіктің  
төмендеуіне өзінің ішкі резервтері арқылы оларға қарсы тұруы  
қиын.

**Сұрақ:** Бул проблемаларды кімнің араласуымен шешуге  
болады?

*Жауабы*

# Дода - 30

Мемлекетсіздендіру жүйесі жекешелендіруді, мемлекетсіздендіруді жай бір іс деп қарап оны шаралардың барлық жүйесінен бөлек жүргізу (кешіктіріп я ерте) шаруашылық түбірлі өзгертулердің тиімді құралы бола алмайды.

***Сұрақ:*** Объектілерді белгілі қызмет түрлерін мемлекет қолынан алып жеке меншікке беруді қалай атаймыз?

*Жауабы*



# Дода - 30

Нарықтық экономика күрделі «ауруға» бірден қарсы тұра алмайды-  
монополизмге, инфляцияға және іскерлік пен белсенділіктің  
төмендеуіне өзінің ішкі резервтері арқылы оларға қарсы тұруы  
қиын.

**Сұрақ:** Бул проблемаларды кімнің араласуымен шешуге  
болады?

*Жауабы*

**Мемлекеттің араласуымен**

# Дода - 30

Мемлекетсіздендіру жүйесі жекешелендіруді, мемлекетсіздендіруді жай бір іс деп қарап оны шаралардың барлық жүйесінен бөлек жүргізу (кешіктіріп я ерте) шаруашылық түбірлі өзгертулердің тиімді құралы бола алмайды.

**Сұрақ:** Объектілерді белгілі қызмет түрлерін мемлекет қолынан алып жеке меншікке беруді қалай атаймыз?

*Жауабы*  
**Жекешелендіру**

# Венгер сөзжұмбағы

|   |   |   |   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Э | К | і | Ғ | Н | Н | Н | Х |
| к | ә | д | Ы | К | А | Д | М |
| о | с | А | Ш | Е | З | А | Е |
| н | і | м | А | Д | А | Р | Т |
| о | п | Ы | Р | Е | Р | Ы | ! |
| м | к | Т | Т | Р | А | Ң | ! |
| и | е | У | Т | Г | У | Ы | ! |
| к | р | Д | А | І | Д | З |   |
| а | л | Ы | Р | Л | А | Ғ |   |
| И | і | Ң | ы | Е | Р | А |   |
| Н | к | А | М | Р | Ғ | Р |   |
| Ж | т | Л | Е | і | А | А |   |



*Жасырылған сөздер:*

**Экономика, ИНЖ, Кәсіпкерлікті  
дамытудың алғы шарттары мен  
кедергілері**

**НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**